

Баймуратова И.А.¹, Исабаева Б.Қ.²

^{1,2} Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
^{1,2} Аға оқытушылар

АУЫЗША АУДАРМА ЖҰМЫСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Бүкіл әлем елдері мен халықтары арасындағы ақпарат алмасу мен мәдениетаралық қарым-қатынас қазіргі жаһандану процесі аса жедел жүріп жатқан кезеңде аударма қазіргі қоғам үшін өте маңызды. Аударманың мақсаты - бұл тек басқа тілдегі сөздерді таңдау ғана емес, сонымен қатар мағынаны, соның ішінде астарлы мәтінді жеткізу де болып табылады. Жоғарыда атап өткендей, қазіргі әлемде халықтар арасындағы байланыстың қай түрі болмасын, оның ұйытқысы түрлі аударма жұмысы екені сөзсіз және ол дерлік барлық елдер үшін өте маңызды. Аударма түрлерінің ішіндегі ауызша аударманың бір ерекшелігі оның жазбаша аудармаға қарағанда дәйекті болуында, яғни қабылдау, талдау, синтез жасау қатар жүретін әрекеттер. Мұндай дағдыларды меңгеру тәжірибе арқылы келеді. Ауызша аударма арқылы берілетін ақпаратта фонетика, морфология, синтаксис, стилистика сияқты тілдің барлық аспектілері бірден қолданылып, көрініс табады. Ауызша аударма аудармашыдан жоғарыда атап өткендей, тез арада бір тілден екінші тілге талдау, синтез жасау процесіне ауысуды талап етеді. Халықаралық келіссөздердің табысты болуы көбінесе аударма сапасына байланысты. Сондықтан, аударманың мәнін түсіну, сондай-ақ аудармашы аударма процесінде кездестіруі мүмкін ықтимал қиындықтарды білу болашақта кәсіби қателіктерден аулақ болуға көмектеседі. Басқа тілде дереу икемді және тиісті түрде жеткізілуі тиіс идеяны түрлендіру қабілетін қажет етеді.

Кілт сөздер: ақпарат алмасу, идея, аудармашы, аударма процесі, ауызша аударма, кәсіби қателіктер, қиындықтар, дағдыларды меңгеру, талдау жасау, аударма сапасы, тәжірибе, ресми кездесулер, келіссөздер.

Баймуратова И.А.¹, Исабаева Б.Қ.²

^{1,2} Казахский Национальный университет имени Аль-Фараби,
Алматы, Казахстан
^{1,2} Ст.преподаватели

НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ УСТНОГО ПЕРЕВОДА

Аннотация

В период стремительной глобализации, активного обмена информацией и межкультурной коммуникации между странами и народами мира перевод играет огромную роль в современном обществе. Цель перевода заключается не только в выборе слов из другого языка, но и в передаче смысла, включая лежащий в его основе текст. Как уже упоминалось, в современном мире, независимо от вида коммуникации между народами, переводческая работа, несомненно, является её опорой и имеет большое практическое значение. Одной из особенностей устного перевода среди других видов перевода является его большая последовательность по сравнению с письменным переводом, то есть восприятие, анализ и синтез происходят одновременно. Владение такими навыками приходит с практикой. В информации, передаваемой посредством устного перевода, все аспекты языка, такие как фонетика, морфология, синтаксис и стилистика, используются и отражаются непосредственно. Устный перевод, как уже говорилось, требует от переводчика быстрого переключения с одного языка на другой в процессе анализа и синтеза. Успех международных переговоров во многом зависит от качества устного перевода. Поэтому понимание смысла перевода, а также знание возможных трудностей, с которыми переводчик может столкнуться в процессе перевода, поможет избежать профессиональных ошибок в будущем. Это требует умения быстро, гибко и уместно переводить идею, которую необходимо передать на другой язык.

Ключевые слова: обмен информацией, идея, переводчик, процесс перевода, устный перевод, профессиональные ошибки, трудности, приобретение навыков, анализ, качество перевода, опыт, официальные встречи, переговоры.

*Baimuratova I.A.¹, Issabayeva B.K.²
^{1,2} Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan
^{1,2} Senior Lecturers*

SOME ISSUES IN ORAL INTERPRETING

Abstract

During a time of fast globalization, information exchange, and intercultural communication between countries and peoples, translation plays a very important role in modern society. The aim of translation is not only to choose words from another language, but also to pass the meaning of the text. As mentioned before, in today's world translation is an important support for communication between peoples and it has great practical value. One special feature of interpreting, compared to written translation, is that it happens in real time. The interpreter listens, understands, analyzes, and speaks almost at the same time. These skills develop through practice. In interpreting, different parts of language are used directly, such as pronunciation, word forms, sentence structure, and style. Interpreting requires the interpreter to change quickly from one language to another while thinking and speaking. The success of international negotiations often depends on the quality of interpreting. That is why it is important to understand the meaning of translation and know the possible difficulties an interpreter can face. This helps to avoid professional mistakes in the future. An interpreter must be able to translate ideas quickly, clearly, and in a suitable way.

Key words: information exchange, idea, interpreter, translation process, interpreting, professional mistakes, difficulties, skill acquisition, analysis, translation quality, experience, official meetings, negotiations.

Кіріспе

Аударма - өте ежелгі заманнан бері адами қызмет, әртүрлі тілдерде сөйлейтін адамдар арасындағы қарым-қатынасты қамтамасыз ету құралы болып келеді. Ал қазіргі жаһандану процесі айрықша жедел жүріп жатқан заманда халықаралық байланыстар әлде қайда үдерісті түрде өсіп, қарқынды дамып отыр. Ғылыми-техникалық революция әртүрлі елдер арасында ғылыми ақпарат алмасуға, халықаралық сауда, дипломатиялық қарым-қатынас туризм және халықаралық байланыс, ақпарат алмасу сияқты қоғамдық әлеуметтік салалардағы байланыстар көлемі өлшеусіз өсуде және ол үлкен қажеттілікті туғызып отыр. Осыған орай, әр тілде сөйлейтін халықтар, жоғарыда атап өткендей мемлекеттер арасындағы мәдени байланыстар кеңейіп, халықаралық туризм де кең ауқымда таралды. Осы аталған байланыс түрлерінің басым көпшілігі аударма жұмысы және оны іске асыратын аудармашылар қызметі арқылы жүзеге асады. Сондықтан аударма жұмысы, мәселесі қазіргі кезде бүкіл әлемде өте маңызды рөл атқарып, үлкен сұранысқа ие болып отыр. Сондай ақ қазіргі кезде аударма жұмысының түрлері мен ауқымы да көбейіп, кеңейуде. Жалпы аударма жұмысы мақсаты мен түрлеріне, жағдаятына қарай жан жақты, сан қилы, көп жағдайда оның осы аталған мақсаттарына күрделі де қызықты кәсіби талаптар мен мақсат қойылады. Әдетте, аударма түрлерінің қай-қайсысында болмасын, оның негізгі мақсаты бұл тек басқа тілдегі сөздерді таңдау ғана емес, сонымен қатар түпнұсқадағы мағынаны, соның ішінде астарлы мәтінді де жеткізу болып табылады. Осыған байланысты, аударманың сапасы, деңгейі, түсінікті болуы маңызды нәрсе, сондықтан ол аудармашының екі тілдің де әдеби нормасын кәсіби деңгейде меңгеруін, кәсіби дамуын, білімділік пен жан жақты көзқарасты көрсету, әрбір кәсіби аудармашыдан талап етіледі.

Талқылау

Аударма түрлерінің ішінде көбінесе алдын ала дайындықсыз, уақыт күттірмейтін, аудармашыға тез арада аударма жасауға тура келетін, өте көбірек жылдамдықты қажет ететін бір мезетте жасалатын ауызша аударманың жүгі әлде қайда ауқымды екені белгілі. Қазіргі кезде аударманың ауызша түріне қарағанда жазбаша аударма жұмысын жасауда кейбір әлі де олқы тұстарын айтпағанда, жалпы алғанда, яғни лездеме аударма жасауға уақыт кетірмей, аудармалауға көп көмегін тигізетін көптеген аударма жасау бағдарламалар, жаһандық компьютерлік желілер, электрондық сөздіктермен және лингвистикалық мәселелерді шешу үшін басқа да электрондық ресурстардың ұсынылуына байланысты бірқатар жеңілдіктер пайда болды. Сондықтан да, жазбаша аударма жұмысын жасауда кездесетін бірқатар қиындықтарды осы аталған ресурстардың көмегімен толықтай болмаса да, негізінен шешуге қол жеткізуге мүмкіндік туып отыр. Ал жалпы ауызша аударманың жазбаша аудармадан айырмашылығына тоқталатын болсақ, ауыз екі сөйлеу тілінің бірқатар белгілері, ерекшеліктері, яғни, сөйлемнің орын тәртібі ауысып келуі мен фразеологизмдердің қолданылуы кездеседі. Аударманың ауызша түрінде сөз бе сөз аударма емес, жоғары да атап өткендей, тек аударманың маңызды тұстарына назар аударылады. Яғни, мәтіндегі ауызша аударма жасау жұмысы екі тілді жақсы меңгеру, жатық сөйлей білуді меңгеру ғана емес, ол өте көп тәжірибені қажет ететін, тәжірибе арқылы жоғары деңгейде аударма жасауға қол жеткізуге болатын аударма түрі. Аударма түрлерінің ішіндегі

кәсіби ауызша аударма жұмысы саяси келіссөздер мен экономикалық, банктік күрделі мәселелер сияқты, жоғарыда атап өткендей, көп жағдайларда аудармашыдан дұрыс, әрі дәл аударуды, үлкен біліктілікті талап етеді. Мұндай жағдайларда тез арада келіссөзді әрі тез және сапалы аударма жасау ауыртпалығы аудармашының еншісіне қалады. Жалпы аударма жұмысы шығармашылыққа мүмкіндік береді және осы тұрғыдан алғанда оның табиғаты жағынан ерекшелігі бар. Демек, аударма шығармашылыққа жол ашатын мамандық, себебі жақсы аудармашы тек шет тілін түсініп қана қоймай, сонымен қатар аударма және оның ерекшеліктерін меңгерген кәсіби маман болуы керек. Сондықтан да аудармашылық мамандығы аудармашының шығармашылық қабілеті болуын талап етеді. Әлбетте, көп жағдайда аудармада мәтіннің жалпы көркемдік деңгейін жоғалтпай, автордың ойын өзгертпей, диалогтың сапасын, мүмкіндігінше аударма жұмысының сөйлеу ерекшеліктерін, стилін, сол заманның ерекшелігін көрсететін тұстарын дәл мағынасында беру оңай дүние емес. Кино, бейнебаян сияқты ауызша аударма жұмысында жазбаша аудармаға тән синхронды, тізбекті аударма белгілері бар және ерекшеліктерімен сәйкес келеді. 80-ші жылдардан бастап, шетел фильмдері көптеп келе бастағанда ауызша аударма жұмысы үлкен тәжірибе мен білімді қажет ететін күрделі процеске айналды. Аударманың бұл түрінде ең алдымен экстралингвистикалық контекстке назар аударылады. Ауызша аударма жасалатын фильмдер мен бейнебаяндарда эллиптикалық сөйлемдер, фразеологизмдер, одағай сөздер, диалектілер және актерлердің сөйлеу ерекшеліктері біршама қиындықтар туғызатыны анық. Ауызша аудармада айтылатын мәтіндер ереже бойынша тілдің әдеби нормасына негізделеді. Аударманың бұл түрінде қандай да бір стильдің функциональдық қолданылуы сирек кездеседі. Сонымен қатар ауызша аударма жасау жұмысы аудармада мәтіннің қысқаша түйіндемесі емес, бір бірімен логикалық байланыстағы ақпараттың мазмұны беріледі. Ал аудармашыға тез арада, көбінесе алдын ала дайындықсыз, таныс емес мәтіндегі жалпы жағдаяттың негізгі, маңызды мазмұнын, айтпақ ойдың негізін табу оның тәжірибесі мен ақпарат алушының талабына байланысты болады. Ауызша аударма, оның ішінде синхронды аударма да қиындығы мен күш жігерді қажет ету тұрғысынан алғанда дәйекті аударма қатарына, яғни аударманың өте қиындау, жауапкершілігі мен талаптары да кәсіби біліктілік пен тәжірибені қажет ететін түріне жатады. Себебі аударманың бұл түрі аудармашыдан бір уақытта тыңдап, түсініп, аударып және сөйлей білуді талап етеді [1:136]. Шынында да, бір уақытта әрі тыңдап, әрі түсіну аудармашының жинақтаған үлкен тәжірибесін, дағды, машығын көрсетеді және қажет етеді. Синхронды аудармада аудармашының тіл тазалығы, интонациясы (дауыс ырғағы), ауыз екі тілде дыбыстарды таза айту, сөйлеу, аударма жылдамдығы яғни, тіл тазалығы мен аударма сапасының таза болуы көзделеді, яғни синхронды аудармада аудармашының дауыс ырғағына көп мән беріледі, яғни дауыс ырғағы бір қалыпты, сенімді, тыңдаушыға сенім ұялататындай, көз жеткізерліктей деңгейде естілуі керек. Синхронды аудармада мәтіннің көлемі шектеулі болғанмен, аудармашы шешеннің сөзінен қалыс қалмай, аударма үзіліссіз, кідіріссіз жасалуға мән беріледі. Демек, синхронды түрде аударылатын шешеннің сөзі тез келесі тектік жағдайда етістік есімдердің күрделі номиналды топтар тізбегі арқылы өрнектелетін бірліктерді және көсемшелі тіркестерді меңгеру басқа тілге аударғанда мейлінше қарапайым құрылымдармен ауыстырғанда аударма жеңілдеу болады. Лингвист, аудармашы ғалым В.Ю.Розенцвейгтің пікірінше [2:46], мәтінді басқа тілге аударғанда, онда регрессивті конструкциялар болған жағдайда мейлінше қарапайым құрылымдарды қолданған тиімді. Ауызша аударма жұмысын жасағанда күнделікті тілде көп қолданылатын сөздер мен грамматикалық құрылымдарды, әртүрлі ғылым саласында қолданылатын арнайы элементтері бар тіркестерді қолдану және аударма тақырыбын жақсы түсіну мен терминдерді білу аударма жұмысының сәтті болуының бірден бір кепілі. Демек,

аударылатын мәтінге алдын ала талдау жасап алу аударма жұмысын біршама жеңілдетеді. Ауызша аудармаға келетін болсақ, түпнұсқа мен аударма процесінде бекітілмеген (ауызша) түрде әрекет етеді, яғни аудармашы түпнұсқа мәтіннің бөліктерін тек бір рет қабылдайды және аударманы жеткізілгеннен кейін салыстыра немесе өзгерте алмайды. Ауызша аударма бірізді болуы мүмкін. Сөйлеушінің сөзін немесе оның бір бөлігін жеткізгеннен кейін немесе аударма сөйлеушінің сөзімен бір мезгілде болған кезде синхронды болуы мүмкін. Кейде ерекше дағдылар мен қабілеттер, сондай-ақ, әрине, кең жұмыс тәжірибесі үлкен рөл атқарады. Ауызша аударманың бір ерекшелігі оның синхронды аудармаға қарағанда дәйекті болуында, яғни қабылдау, талдау, синтез жасау қатар жүретін әрекеттер. Мұндай дағдыларды меңгеру тәжірибе арқылы келеді. Ауызша аударма арқылы берілетін ақпаратта фонетика, морфология, синтаксис, стилистика сияқты тілдің барлық аспектілері бірден қолданылып, көрініс табады. Ауызша аударма аудармашыдан тез арада бір тілден екінші тілге талдау, синтез жасау процесіне ауысуды талап етеді. Аударманың бұл түрі келіссөздер жүргізгенде, ресми кездесулерде қолданылады. Халықаралық келіссөздердің табысты болуы көбінесе аударма сапасына байланысты. Сондықтан, аударманың мәнін түсіну, сондай-ақ аудармашы аударма процесінде кездестіруі мүмкін ықтимал қиындықтарды білу болашақта кәсіби қателіктерден аулақ болуға көмектеседі. Басқа тілде дереу икемді және тиісті түрде жеткізілуі тиіс идеяны түрлендіру қабілетін қажет етеді. Әртүрлі саладағы мамандардың өзіндік көзқарасы және өзіндік тәсілі бар. Тіпті қысқа сөз тіркесін аударған кезде де, әрқашан оның бірнеше нұсқа болады. Дамыған аналитикалық дағдылар және аударма жағдайында туындайтын күрделі мәселелерге тез жауап беру аудармашы үшін өте маңызды талап болып саналады [3]. Дәстүрлі ақпарат тасымалдаушылармен, таратылған дерекқорлармен және білім базаларымен жұмыс істеу, салыстырмалы талдауды қолдана білу, өз гипотезаныңды тұжырымдау, политематикалық тұжырымдар құру және ойыңызды жазбаша түрде анық және логикалық түрде жеткізу, ойыңызды жазбаша түрде логикалық түрде білдіру, көзқарасыңызды егжей-тегжейлі баяндау сияқты, көбірек жазбаша аударма жұмысына қатысты бір қатар негізгі талаптар тез арада іске асыруды қажет ететін ауызша аудармада қолдану сияқты, негізгі принциптерді сақтауды жүзеге асыру мүмкін бола бермейтінін мойындауға тура келеді. Сондықтан да көп еңбектерде атап өтілетін талдау, мәтіннің синтаксистік (сөз тәртібі), семантикалық және прагматикалық деңгейлері, синтез, аударманың теориялық модельдері және әртүрлі түрлендірулердің сипаттамалары жазбаша ауызша аударма жұмысына қарағанда ауызша аударма жұмысында көрініс таба бермейді және ауызша аударманың бір ерекшелігі де осында деп есептеуге болады.

Қорытынды

Қорыта келгенде, ауызша аударма жұмысы тез арада іске асыруды қажет ететін аударма түрі болғандықтан, аудармашы аударма процесінде кездестіруі мүмкін ықтимал қиындықтарға көбірек тап болатын және басқа тілде дереу икемді және тиісті түрде жеткізілуі тиіс идеяны түрлендіру қабілетін қажет ететін, оның тіл тазалығы, интонациясы (дауыс ырғағы), ауыз екі тілде дыбыстарды таза айту, сөйлеу, аударма жылдамдығы яғни, тіл тазалығы мен аударма сапасының таза болуын талап етеді. Мұндай дағдыларды меңгеруге тек тәжірибе арқылы қол жеткізуге болады және екі тілдің тілдік нормаларын жоғары деңгейде меңгеру, жан-жақты білім, аударма кәсібін терең түсіну сияқты көп ізденісті қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Комиссаров В.Н. Общая теория перевода.- М. ЧеРо, 1999.-136 с.

2. Розенцвейг В.Ю. *Опыт лингвистического описания лексико-семантических ошибок в речи на неродном языке / - М., 1974. - 46 с.*
3. Раимбекова М.А. *Переводческое дело и его особенности. Актуальные проблемы теоретической и клинической медицины. №4 (26) 2019.*
4. Рябцева Н.К. *Прикладные проблемы переводоведения: лингвистический аспект. М.:ФЛИНТА - Наука, 2013. 224 с.*
5. Сдобников В.В. *Оценка качества перевода. Коммуникативно-функциональный подход. М.:ФЛИНТА - Наука, 2015.*